

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 378.02:37.016

Қолжазба құқығында

ЕРМЕКБАЕВА АКБОПЕ ТОНТАЕВНА

**Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-бакалаврларды
пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік
компонент**

6D011300- Биология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Чилдибаев Ж.Б.
Шетелдік ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Андреева Н.Д.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2018

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚARTУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БИОЛОГ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДА ӨЛКЕЛІК КОМПОНЕНТТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	13
1.1 Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог мамандарды дайындауда өлкелік компонентті пайдаланудың педагогикалық – психологиялық негіздері.....	13
1.2 ЖОО-да биологияны оқытуда өлкелік компонент ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеу.....	31
1.3 ЖОО-да биолог мамандарды дайындауда өлкелік компонент ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиялық ерекшеліктерін білім мазмұнына ендіру мүмкіндіктері.....	49
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	67
2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БИОЛОГ МАМАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДА ӨЛКЕЛІК КОМПОНЕНТТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕСІ.....	68
2.1 ЖОО-да биолог маман дайындауда білім мазмұнына өлкелік компонентті ендіру жолдары.....	68
2.2 ЖОО биолог мамандарды дайындауда өлкелік компонентті ендіре отырып оқытудың әдістемесі.....	80
2.3 Педагогикалық экспериментті жүргізу шарттары және оның нәтижелері.....	88
Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	105
ҚОРЫТЫНДЫ.....	106
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	108
ҚОСЫМША А - Ғылыми - зерттеу жұмысы нәтижелерін оқу үдерісіне ендіру актілері	121
ҚОСЫМША Ә – Оқу үдерісіне ендірілген элективті пәндердің жұмыс оқу бағдарламалары.....	133
ҚОСЫМША Б – Оқу құралын оқу үдерісіне ендіру актісі.....	147

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертацияда келесі нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. № 319-III ҚРЗ, Астана, Ақорда, 27.07.2007ж.

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы. № 407 - IV ҚРЗ, Астана, Ақорда, 18.02.2011 ж.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 27. 01. 2012 ж.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ««Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14. 12. 2012 ж.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 11.11.2014 ж.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «100 нақты қадам» бағдарламасы. 20.05. 2015 ж.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. 23 тамыз 2012 ж. № 1080. Жоғары білім. Бакалавриат.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. 13 мамыр 2016 ж. № 292. Жоғары білім. Бакалавриат.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, №205 Жарлық. Астана, 01.03.2016 ж.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, № 922 Жарлық, 01.02.2010 ж.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, № 1118 Жарлық, 07.12.2010 ж.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 31.01.2017 ж.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

Әдістеме – оқу үдерісінде пайдаланатын әдістер жиынтығы және білім беру ұстанымдарын зерттеу саласы.

Биологиялық білім - студенттердің биология ғылымының жүйесіндегі ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының жиынтығы. Биологиялық білімдер тіршілік туралы білім тобын қамтиды, олардың зерттеу объектілері клетка мен клеткадан пайда болған барлық ағзалар.

Биолог маман - тірі организмдердің даму заңдылықтары мен жалпы құрамын организмдер көптүрлілігін зерттеуші. Ол материал негізінде зерттеу жасап, сынақ жүргізе отырып, алынған нәтижелердің практикада қолдануын ұйымдастыратын тұлға.

Ғылыми - зерттеу іс-әрекеті – оқу үрдісінен тыс орындалады, ол оқу жоспарына қосылмайды, бұл іс -әрекетті ұйымдастырудың негізгі принципі студенттердің өз еркімен және өз бетімен орындалуы тиіс (М.И. Махмутов).

Өлкетану – білім алушылардың туған жергілікті мәдениетін, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, экономикасын танып, оқып-зерттеу.

Зерттеушілік іс - әрекет – жаңалықты, үдерістерді анықтауға, олардың байланыстары мен қатынастарын орнатуға, нақты фактлерді теориялық және эксперименттік тұрғыдан дәлелдеуге, таным жүйесінің зерттеу әдістері арқылы заңдылықтарды анықтауға бағытталған шығармашылық мазмұндағы іздену іс-әрекет.

Зерттеушілік білік – студенттердің алған ғылым және білім тәжірибесі негізінде теориялық және практикалық тапсырмаларды қысқа уақыт аралығында, нақты және дұрыс орындай алу әрекеті.

Жыландар (*Ophidia*) – бауырымен жорғалаушылар класына жататын омыртқалы жануарлар отряд тармағы.

Педагогикалық жүйе – белгілі бір қаблеті бар дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әсерді ұйымдастыруға қажет құралдар, әдістер мен тәсілдердің өзара байланысқан бірлігі.

Сабақ – логикалық түрде аяқталған, біртұтас, белгілі уақытпен шектелген оқу - тәрбие үдерісінің бөлігі

Оқыту әдісі – білім алушы мен оқытушының алдына қойған мақсатына жету үшін екі жақты іс-әрекеттері

Оқу-зерттеу іс-әрекеті – оқу-тәрбие үдерісінің міндетті құрамдас компоненті, оқытушылардың ұйымдастыруымен және студенттердің таным үдерісінің белсенді атсалысумен құрылады (М.И. Махмутов).

Офидиология (лат. *ophidia* - жылан және *logos* - ілім) – жыландарды зерттеумен айналысатын зоология ғылымының бір саласы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Абай атындағы ҚазҰПУ	- Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті
ТарМПИ	- Тараз Мемлекеттік педагогикалық институты
ЖОО	- Жоғары оқу орны
ЖББ	- Жалпы білім беру бағдарламалары
ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚР БҒМ	- Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі
ҚР МЖМБС	- Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
СОӨЖ	- Студенттердің оқытушы басшылығымен орындайтын өзіндік жұмысы
СӨЖ	- Студенттердің өзіндік жұмысы
ЭТ	- Эксперименттік топ
БТ	- Бақылау топ
ТжКБ	- Техникалық және кәсіптік білім беру

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. ҚР Білім туралы Заңының 29-бабында «Білім мен ғылымды интеграциялау, оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, білім беру ұйымдарында және тиісті инфрақұрылымда педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүзеге асырылады» деп көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі міндеттері педагогтер кәсібінің беделін және олардың сапалық құрамын арттыру, бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлауды қамтамасыз ету, әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту т.б. көрсетілген [2].

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының білім берудің түйінді бағыттары «Білікті кадрларды даярлау елді индустрияландыру жөніндегі жоспарлармен байланыстырылатын болады. Техникалық, кәсіптік және жоғары білім беруде заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін жүйеге көшу жүзеге асырылады, ал білім беру стандарттары ұлттық біліктілік жүйесі арқылы кәсіптік стандарттармен қалыптасатын болады» деп көрсетілген [3].

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы жолдауында болашақ ұрпақтың білімі мен әлеуетін дамыту бағытына үлкен көңіл бөліп, ауқымды идеялар мен ұтқырлы міндеттерді атап өтуде. Мәселен, Елбасының «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарларында Елбасы былай дейді: «Бізге елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту керек. ЭКСПО-2017 бұл процеске серпін беріп, бізге болашақтың энергиясын дамыту үшін жаңа технологияларды таңдап алуға көмектесуі тиіс. Біз – жас ұлтпыз және бұл біздің қолымыздан келеді» [4].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Тұлғаның шығармашылық құзыретіндегі, үздіксіз білім беру мен тәрбиелеудегі, кәсіби өзін-өзі анықтаудағы бәсекелі артықшылықтарын қалыптастыру мақсатында негізгі бағыттар: шығармашылық-эстетикалық; ғылыми-техникалық; экологиялық-биологиялық; туристік-өлкетанушылық; әскери-патриоттық; әлеуметтік-педагогикалық; білім беру-сауықтыру және т.б. бойынша балаларға қосымша білім беру мазмұны жаңартылады» деп көрсетілген. Бұл орайда, кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, қосымша, оның ішінде тең құрылтайшылық арқылы ұлттық холдингтер мен компанияларға, транс-ұлттық корпорациялар мен шетелдік инвесторларға бекітілетін болады [5]. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2014 жылғы «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауында «Мен, жастар –

біздің болашағымыздың тірегі дегенді әркез айтып келемін. Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы Жол», міне, біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігер жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы!» дей келе, болашақ жастарға үлкен сенім артып, олардың тұлға ретінде қалыптасып дамуына барлық мүмкіндіктердің ашық екендігін білдіреді [6]. Сондай-ақ, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы «100 нақты қадам» бағдарламасында Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамды жүйелей келе, 79-қадамның басты мақсаты – даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру деп көрсетті [7].

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында Елбасымен белгіленген Қазақстанның үшінші жаңғыртудың бес негізгі басымдықтары көрсетілген. Төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту. Мұнда, ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс делінген. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажеттігі айтылады [8].

Еліміздің ұлттық және әкімшілік-аумақтық дамуына білім алудағы әлеуметтік тапсырысты есепке алуға негізделген. Қазіргі кезеңдегі білім беруді дамытудың ерекшелігі оқыту мен тәрбиелеуде ұлттық және жергілікті мүмкіндіктерді пайдалану болып табылады [9].

Егер, еліміз жастарға үлкен үміт артатындығын түсінсек, жастардың білімді болуы ол мектеп қабырғасынан бастап-ақ, жоғары дәрежелі педагог қауымының алдынан өтіп, сапалы білім мен саналы тәрбие алуына байланысты екені белгілі. Ол білім мен тәрбиені болашақтың иесі жастардың бойына сіңіретін мұғалім, яғни педагог қауымы екені анық. Олай болса, сол болашақ мұғалімдерді өз деңгейінде білім мен тәрбие беруге дайындайтын жоғары оқу орындары. Сондықтан да, жоғары оқу орнында болашақ педагогтарды білім беруде практикалық іс-әрекетке дайындау мақсаты жан-жақты ізденуді керек ететін мәселелердің бірі.

Сонымен қатар, бізді қоршаған табиғи ортада туындап отырған экологиялық қиындықтар білім беруде және оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде экологиялық мәселелерге баса көңіл бөлуді де көздеуде. Білімді экологияландыру тек теориялық түсініктерді меңгертумен жүзеге аспайды. Ол үшін маман дайындайтын оқу орындарында негізгі пәндердің мазмұнын өлкелік компоненттермен байыта отырып, болашақ мамандардың өзіндік зерттеушіліктерін күшейту, өз өлкесінің табиғи ерекшеліктерін, ондағы тіршілік түрлерінің соған қарай бейімділіктерін ұғындыру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Мәселен, мұндай зерттеушілік пен өлкелік компоненттерді ендіруге жаратылыстану циклына жататын пәндер өте қолайлы.

Осыған орай, биолог мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындарында биологиялық пәндердің оқу бағдарламаларында өлкелік компонентке 10-15% уақыт бөлу көзделген. Сондықтан да, биолог мамандарды дайындауда

мүмкіндігінше өлкелік компонентті пән мазмұнына ендіру арқылы болашақ педагогтарға қойылатын бірнеше талапты жүзеге асыруға болады:

- өлкелік компонентті ендіру болашақ педагогтардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайды;

- болашақ педагогтар биологиялық мазмұнды жергілікті материалдармен байланыстырудың әдіс-тәсілін меңгереді;

- өлкелік материалдарды зерттеушілік жұмыстары студенттердің бақылау, тәжірибе жасау, эксперимент қою т.б. зерттеудің түрлерін пайдалана отырып, өзіндік іс-әрекеттерді ұйымдастыру қабілеттері дамиды;

- студенттерде биологияны оқуға деген қызығушылығы артады [10].

Қазіргі таңда Н.Ә.Назарбаев зияткерлік мектебінің бағдарламаларына көз жүгіртсек, бастауыш буындағы 1-сыныптан бастап-ақ, дүниетану оқулығы «мен зерттеушімін» деген тақырыптан басталатынын көреміз. Бұл жаратылыстану циклына жататын пәндердің зерттеуге негізделуін аңғартса, сол зерттеулер негізінде жастарды нақты деректер мен құбылыстарды саралай білуге жаттықтырудың керектігін көрсетеді.

Білім беру жүйесінде халықты экологиялық сауаттандыру психологиялық үдеріске жатады. Себебі, экологиялық жағдайларды түсіндіру әр адамның білім деңгейіне, жас ерекшелігіне сәйкестендіре отырып, түрлі жолдармен және әртүрлі әдіс-тәсілдермен санаға сіңірілетін мәселе [11].

Соңғы кезде Қазақстан азаматтарының өз халқының тарихы мен табиғи ерекшеліктерін білуге деген қызығушылықтары артуда. Осыған байланысты ЖОО-да білім беру барысында өлкелік компонентті зерттеу және оны білім беру үдерісіне ендіру басты мақсаттардың бірі болып отыр.

Өлкелік компоненттерді білім беру үдерісіне ендіру бұл жаңадан туған мәселе емес. Қай кезеңде де әртүрлі пәндерді оқытуда жергілікті материалдармен байланыстырудың маңызын жоғары бағалаған еңбектердің жарық көріп отырғандығы анық.

Өлкетану жұмысы зерттелінетін өлкенің табиғи, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзара байланысын көрсететін деректерді қамтиды. Сонымен қатар, өлкелік компоненттерді біртұтастықта қарау, білім алушылардың ғылыми дүниетанымын, тіршілік ету ортасының біртұтас бейнесін, ғылыми негізделген экологиялық және әлеуметтік-мәдени көзқарастар, құндылыққа негізделген қарым-қатынастар жүйесін ұтымды ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық қалыптастырудың ең тиімді жолы [12].

Білім берудегі өлкетану мәселесі аймақтық-өлкелік және технологиялық ақпаратты синтездеуге мүмкіндік бере алады. Технологиялық ақпарат ғылыми-техникалық жетістіктерге бағыттауға септігін тигізсе, өлкетанулық ақпарат шынайы қоршаған ортаға бейімделуге септігін тигізе алады [13].

Жаратылыстану пәндерін оқытуда білім беру мазмұнына аймақтық компонентті ендіру мәселесімен айналысқан әдіскер-ғалымдардың қатарында: Н.А.Нахова, Н.Н.Баранский, А.С.Барков, Л.Ф.Греханкина, Ю.С.Репринцева, С.В.Васильев, О.В.Скоркина, М.Д.Даммер, С.Н.Игошина, Ю.В.Кулешова, Т.А.Зорина, Е.Г.Терентьева, Е.А.Алексеева, П.В.Гора, Ю.К.Бабанский,

З.Абасов, А.Азанбекова, Л.Ш.Арипбаева, С.А.Меркиндерді атай аламыз [14-32].

Сол сияқты жаратылыстанудан білім алушыларды педагогикалық тұрғыдан дайындау, болашақ маманның тұлғалық құндылықтары мен маңызды қарым-қатынастық қасиеттерін қалыптастырды, олардың білімге деген белсенділігін көтеруде өлкелік материалды пайдаланудың тиімділігін көрсететін еңбектер қатарына: А.Е.Әбілқасымова, Т.С.Садықов, Қ.А.Аймағамбетова, Ж.Б. Чилдибаев, Н.Торманов, Қ.Қайым, А.П.Сейтешов, Г.А.Уманов, Ш.Т.Таубаева, Н.Д.Хмель, З.А.Исаева, В.П.Беспалько, К.Жүнісова, Р.Әлімқұлова, Қ.Ә.Жұмағұлова, С.Е.Қуанышева, Ж.Т.Абдурасулова, М.Б.Аманбаеваның ғылыми-әдістемелік жұмыстары жатады [33-54].

Өлкелік материалдарды білім беру үрдісінде пайдалануда және осы тұрғыдан зерттеу жұмыстарын жүргізуде Қазақстандық белгілі географ ғалымдарымыз Ә.С.Бейсенованың, К.Д.Каймулдинованың ғылыми еңбектерінен көруімізге болады. Ә.С.Бейсенованың еңбектерінде Қазақстанның географиясы мен экологиясын оқытуда жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын сараласа, К.Д.Каймулдинованың еңбегінде елтану, өлкетану материалдарының білімдік маңызы ашылған. Бұл еңбектердің құндылығын біз өз зерттеуімізге басшылыққа алдық [55-59].

Ал, орта және жоғары мектеп жүйесінде өлкетану материалдарын пайдаланудың тиімділігі белгілі әдіскер-ғалымдар: Н.Д.Андреева, В.П.Соломин, И.Ю.Азизова, С.С.Рябованың еңбектерінде кездеседі [60-64].

Оқытудың негізгі формасы – сабақ болғандықтан, оның басты міндеті ғылыми-теориялық ұғымды жергілікті материалдармен байытып отыру арқылы болашақ мамандардың зерттеу және оның нәтижелерін сабақта пайдалану шеберліктерін дамыту болып табылады. Өлкелік компонентті пайдалану үшін өлкетану жұмыстары ұйымдастырылатыны сөзсіз. Ал өлкетану жұмыстарының түрі көп.

Өлкетану түрлері - танымдық, тарихи, ғылыми т.б. болып бөлінетінін білеміз. Солардың ішінде біздің өлкелік компонент ретінде қарастыратын жұмысымыздың түрі - ғылыми өлкетануға жатады. Себебі, біз жергілікті материалдарды қоршаған ортаға оның табиғи жағдайына байланысты зерттеуді мақсат етіп қоямыз.

Осы тұрғыдан қарағанда, біз өлкелік компонент ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиялық жағдайын ендіруді көздедік. Себебі, жыландар Қазақстанның барлық аймағында кездесе отырып, әр аймақтың табиғи жағдайына байланысты олардың дене құрылысы (ұзындығы, түрі, қозғалу икемдігі т.б.), тіршілік әрекеті (қоректенуі, жемін ұстауы т.б.), табиғи ортаға пайдасы мен зияны т.б. өзгеріп тұрады. Бұл зерттеу барысында тіршіліктің өзін қоршаған ортаға бейімділігін және соған қарай икемделуін көрсетеді.

Осы икемділіктерді зерттей алған болашақ педагогтар өлкелік материалды зерттеудің әдіс-тәсілдерін меңгерумен қатар дүниенің біртұтастығына көздері жетіп, кейін оқушыларға білім беруде осы біліктерін жүзеге асыруға дайындалады.

Қазіргі заманғы білім берудің жарқын белгісінің бірі – жастарды оқыту мен тәрбиелеуде өлкелік компонентті ендірудің рөлін арттыруға ұмтылысы. Білім беру ортасының өңірлік ерекшелігі ауыл, аудан, қалада тиімді тәрбие беру кеңістігін қалыптастыруға мүмкіндік беру. Аймақтың тарихы, мәдениеті мен қазіргі жай-күйі күшті білім және тәрбие беру әлеуетін қамтиды.

Қазақстан жыландарының өлкелік биологиясы мен экологиясын зерттей отырып студенттер оларды қоршаған ортаға өз көзқарастарын білдіруге, адамның аяусыздыққа толы әрекетін сынай келе, оның ресурстарға деген тұтынушылық тәсілін өзгертуге әсер етеді. Өлкелік компоненттер элементтерін шебер пайдалана келе, оқытуға тұлғалық мән-мағына беріп, бұл үдерістің үш тұғырлы міндеттерін: оқыту, тәрбиелеу және дамытудың тиімді шешімін табуға болады.

Біздің зерттеу тақырыбымызды анықтау бірнеше **карама-қайшылықтар** негізінде туындады:

- өлкелік материалды білім беруде қолданудың тиімділігін атап өтетін еңбектер болғанмен, нақты жыландарды өлкелік компонент ретінде қолдануға арналған еңбектердің жоқтығы;

- Қазақстан жыландарын өлкелік компонент ретінде аймақтық жағдайда зерттеудің қолайлылығы;

- Қазақстан жыландарын өлкелік компонент ретінде пайдаланудың әдістемесінің жоқтығы;

- болашақ биолог мамандарды өлкелік компоненті пайдалануға дайындау әдістемесінің жеткіліксіздігі.

Осы аталған жағдайлар біздің зерттеу тақырыбымыздың «Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік компонент» деп алуымызға негіз болды.

Зерттеу нысаны: педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-мамандарды даярлау үдерісі.

Зерттеу пәні: педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-мамандар даярлаудың мазмұндық компоненті ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиясы туралы білім беру.

Зерттеу мақсаты: ЖОО-да студенттерді пәндік дайындауда биологиялық пәндердің мазмұнын байыту үшін Қазақстан аймағында мекендейтін жыландардың биоэкологиялық ерекшеліктерін анықтау және оны білім беру үдерісіне ендіру.

Зерттеу міндеттері:

1. Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог мамандарды дайындауда өлкелік компонентті пайдаланудың теориялық негіздерін саралау.

2. Жоғары оқу орындарында биологияны оқытуда өлкелік компонент ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиялық ерекшеліктерін зерттеу және оны білім беру жүйесіне ендірудің мүмкіндіктерін айқындау.

3. Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог мамандарды дайындауда өлкелік компонентті пайдаланудың әдістемесін ұсыну.

4. Биолог мамандарын даярлау үдерісіне өлкелік компонентті енгізуге қатысты педагогикалық экспериментті жүргізу шарттарын және оның нәтижелерінің тиімділігін анықтау.

Зерттеудің ғылыми болжамы: ЖОО-да болашақ биолог мамандардың өлкелік компонентті пайдалану шеберлігін қалыптастыруға болады егер, Қазақстанның жыландарының биоэкологиясы мысалы негізінде нақты зерттеулер жүргізіп, оның нәтижесін пәндік мазмұнға ендірудің әдістемесі талданса.

Зерттеу әдістері: алға қойған мақсаттарды шешу үшін ғылыми-әдістемелік, психология-педагогикалық әдебиеттерді, интернет материалдарын теориялық талдау; «Биология» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын зерттеу мәселесіне қатысты талдау; Отандық және шетелдік ғалымдардың өлкетану, оқытуды өлкелік материалдармен толықтыруға қатысты әдістемелік-педагогикалық еңбектерін талдау.

Тәжірибелік әдістер: педагогикалық эксперимент, бақылау, сұхбаттасу, сауалнама жүргізу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог мамандарды пәндік және әдістемелік даярлау мазмұнына өлкелік компонент ретінде Қазақстан жыландарының биоэкологиялық ерекшеліктері туралы материалдар ендірілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: болашақ биолог мамандардың өлкелік компонентті зерттеу және оны білім мазмұнына ендіру біліктерінің қалыптастыру мақсатында педагогикалық ЖОО-да пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

- биологиялық білім беруге өлкелік компонент ретінде Қазақстанда тіршілік ететін жыландар туралы ғылыми ақпаратты енгізудің теориялық негіздері;

- биологиялық пәндердің мазмұнын және дала практикасының зерттеушілік сапасын арттыруды өлкелік компонентпен толықтыру мақсатында жыландарды зерттеу әдістері, оларды сабаққа тиімді пайдалану жолдары ұсынылды;

- зерттеу нәтижелерін білім беру барысында қолданудың әдістемесі;

- ұсынылған әдістемелік жүйенің оқу үдерісінде тиімділігін тексеруге арналған эксперимент нәтижелері мен қорытындылар.

Зерттеулер базасы:

Ғылыми зерттеулер мен эксперименттер Абай атындағы ҚазҰПУ Жаратылыстану және география институты «Ботаника және жалпы биология» кафедрасы, ТарМПИ «Биология және биология пәнін оқытудың әдістемесі» кафедрасы және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірдік мемлекеттік университеті «Биология» кафедрасының негізінде жүргізілді. Сондай-ақ, А.Герцен атындағы Ресей Мемлекеттік педагогикалық университетінің «Биология және экологияны оқыту әдістемесі» кафедрасында зерттеу нәтижелері апробациядан өткізілді.

Зерттеу кезеңдері

Қойылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес зерттеу жұмыстары 2014-2017 жылдары аралығында үш кезеңде өткізілді.

Бірінші кезең (2014–2015 жылдары) – педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог мамандарды дайындауда өлкелік компонентті пайдаланудың теориялық негіздері сараланды.

Қазақстанда тіршілік ететін жыландардың түрлік құрамы, биоэкологиялық ерекшеліктері анықталды. Ғылыми әдістемелік әдебиеттерді талдау негізінде өлкетану компонентінің биолог мамандарды даярлау пәндерінің мазмұнындағы үлесі айқындалды.

Екінші кезең (2015–2016 жылдары) – жыландар туралы білімнің студенттерді пәндік даярлау мазмұнына енгізу әдістері тәжірибеден өткізілді.

Үшінші кезең (2016–2017 жылдары) – педагогикалық-эксперименттік жұмыс нәтижелерін талдау және жинақтау; тәжірибелік және эксперименттік қорытындыларды нақтылау; зерттеу нәтижелерін және қорытындыларды негіздеу, диссертацияны рәсімдеу.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері: ғылыми-әдістемелік, психология-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау, мемлекеттік білім беру стандартын, зерттеу мәселесіне қатысты интернет материалдарын талдау, биологиялық білім мәселелерін талдау, Отандық және шетелдік ғалымдардың жеке тұлғаны дамыту, өлкелік компонентті оқытудың психология-педагогикалық даму саласындағы еңбектерін талдау.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі және негізділігі заманауи педагогикалық зерттеу әдістерінің қолданылуымен, зерттеу жұмыстарының жүзеге асыруда әдіснамалық қайшылықтың болмауымен, алынған нәтижелердің статистикалық және логикалық талдауымен, диссертация авторының оқытушы-экспериментатор ретінде зерттеу жұмыстарын жүргізуімен қамтамасыз етіледі.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу. Диссертация материалдары бойынша жарияланған еңбектер саны – 31, оның ҚР білім және ғылым саласын бақылау комитеті тізіміндегі басылымдарда – 5, халықаралық конференцияларда – 24, Scopus базасына кіретін журналдарда – 1 мақала, 1 оқу құралы жарияланған.

Диссертация құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.